

«БЕКІТЕМІН»
Экономика және құқық факультетінің деканы

Б.М.Тасқарина

«18» қаңтар 2022 ж.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті



МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ !

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ мектеп түлектеріне арналған ғылыми жобалар байқауын өткізетіндігін хабарлайды!

Экономика және құқық мамандықтары бойынша
оқушыларға арналған ғылыми жобалар байқауы туралы
ЕРЕЖЕ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже Экономикалық және құқық мамандықтар бойынша оқушылардың ғылыми жобалар байқауын ұйымдастырудың және өткізудің жалпы тәртібін анықтайды;

1.2 Ғылыми жобалар байқауын өткізу тәртібі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Экономика және құқық» факультетінің ұйымдастыру комитетімен анықталады және регламенттеледі;

1.3 Ғылыми жобалар байқауын жалпы әдістемелік, ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз ету Ұйымдастыру комитетінің Жұмыс тобымен жүзеге асырылады.

2 МӘНІ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Ғылыми жобалар байқауының мәні ретінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы есептеледі. Жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

2.2 Ғылыми жобалар байқауының мақсаты оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін белсендіру және қарқындату, оқу процестің сапасын жоғарылату болып табылады;

2.3 Ғылыми жобалар байқауының мақсаты келесі міндеттерге қол жеткізуді болжайды:

- Қазақстан Республикасы жалпы ілім беретін облыстық және аудандық мектептердегі білім алушыларды біріктіру, кәсіби-іскерлік қатынастар орнату;
- ЖОО-ның академиялық және ғылыми қызметін кезеңді және қарқынды жетілдіру;
- ЖОО-на түсуге одан әрі ұсыныс жасаумен дарынды оқушыларды анықтау;
- ғылым мен тәжірибенің әлемдік трендтерін ескерумен экономиканың дамуының заманауи трендтері саласында оқушылардың білімдерінің деңгейін жоғарылатуға жетелеу;
- Қазақстанда бәсекелі және инновациялық нарықтық ортаны дамытудың басым

бағыттарының бірі ретінде үздіксіз экономикалық білім жөнінде қарқынды оң қоғамдық пікір қалыптастыру.

3 ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1 Ғылыми жобалар байқауына қатысуға жалпы ілім беретін облыстық және аудандық мектептердегі бітіруші білім алушылар жіберіледі;

3.2 Оқушылар ғылыми-зерттеу жұмысының жетекшісін таңдайды;

3.3 Кандидатураларды жылжыту құқығы мектеп әкімшілігімен өз бетінше анықталады.

4 ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Ғылыми жобалар байқауы жыл сайын өткізіледі (жылына бір рет);

4.2 Ғылыми жобалар байқауы бірінші кезеңі онлайн форматта, екінші кезеңі офлайн форматта өткізілетін болады:

- бірінші кезең – ғылыми-зерттеу жұмысын әзірлеу, дайындау жұмысы (өтінішті қабылдау 2022 ж. 20 ақпанға дейін).

- екінші кезең – ғылыми жобалар байқауы бойынша ұсынылған жұмысты ұйымдастыру комитетіне ұсыну (презентациялау), сайыстық комиссияның алдында 25.02.2022ж. күні экономика және құқық факультетінде 309 аудиторияда (офлайн форматта) өткізіледі.

4.3 Ғылыми жобалар байқауының жеңімпаздарын таңдаудың максималды объективтілігіне қол жеткізу мақсаттарында ұйымдастыру комитетімен экономика және құқық ғылымдарының кандидаттары мен докторлары қатарынан жюри құрылады. Жюри балдық-рейтингтік жүйе негізінде жобаларды бағалау өлшемдерінің жүйесін әзірлейді;

4.4 Ғылыми жобалар байқауына қатысушыларының құжаттамалары келесі жағдайларда қабылданбауы мүмкін:

- құжаттарды уақытылы ұсынбау;

- ғылыми жобалар байқауының құжаттаманың мазмұны мен ресімделуі бойынша талаптарға сәйкес келмеуі.

5 ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖАСАУ

5.1 Ғылыми жобалар байқауының нәтижелері бойынша 2 бағыттар бойынша (экономика бағыты және құқықтану бағыты) қорытындылар жасалатын болады:

- «1-орын» – бір орын;

- «2- орын» – бір орын;

- «3- орын» – бір орын.

5.2 Байқау жеңімпаздарына:

I орын – Қ.Жұбанов атындағы білім беру гранты

II орын – 50% оқуға жеңілдік

III орын – 35% оқуға жеңілдік

Ескерту: Білім беру гранты мен жеңілдіктерді жеңімпаздар ғылыми жобаға қатысқан бағыттары бойынша сәйкес келетін білім бағдарламаларына түскен жағдайда қолдана алады.

5.3 Жеңімпаз ретінде балдарының сомасы барлық қатысушы командалардың арасында максималды болатын білім алушы танылады. Ғылыми жобалар байқауы кезеңнің қорытындыларын жасау кезінде жюри сондай-ақ номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды;

5.4 Жеңімпаздар мен номинациялардың иегерлері Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректорының қолы қойылған дипломдармен және грамоталармен

марапатталады.

6 ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫНА ҚҰЖАТТАМАНЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

6.1 Ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттардың тізбесін қамтитын құжаттама ұсынылады:

білім беру мекемесінің директоры куәландырған өтінімді және қатысушы мен бірге жүретін адамның жеке басын куәландыратын құжаттарды электрондық мекенжайға жіберу қажет: экономика мамандықтары бойынша – ardaknurbai@mail.ru, er.nurgalieva@mail.ru, құқықтану мамандықтары бойынша sait_1979@mail.ru.

6.2 Ғылыми жобаның тақырыбы: таңдаған мамандық бағытына сәйкес келуі тиіс;

6.3 Ғылыми жобаның ресімделуіне қойылатын талаптар:

- жоба компьютерде терілуі тиіс;

- әріптің көлемі 14 - TimesNewRoman, жол аралық интервал – 1;

- өріс: сол жақ - 3 см, оң жақ - 1 см, жоғарғы және төменгі жақ - 2 см;

- абзацтық шегініс – 1 – 1,25 см;

- тарауларды, тармақшаларды, кестелерді, суреттерді ресімдеу ережелері мемлекеттік нормобақылау талаптарына сәйкес келуі тиіс;

- жұмыстың көлемі 30 парақтан аспауы тиіс (қосымшаларды ескерусіз).

6.4 Ғылыми жобада келесі тараулар қамтылуы тиіс:

- титул парағы (білім беру мекемесінің атауы, жобаның атауы, жобаның орындаушылары, ғылыми жетекші, қала, жыл);

- мазмұны;

- үш тілдегі аңдатпа (тақырыптың өзектілігі; зерттеу объектісі және мәні; ғылыми жұмыстың мақсаттары мен міндеттері; жасалған зерттеулердің әдістері; ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері – ғылыми және тәжірибелік жаңалығы);

- кіріспе;

- негізгі тараулар;

- қорытынды;

- пайдаланылған әдебиет тізімі;

- қосымша.

6.4 Ғылыми жобалар байқауының құжаттамалары мына мекенжайға жолданады

Қатысуға ниет білдірушілер өтінімді Ұйымдастыру комитетіне жіберуі тиіс. Сіз үшін байқау-бұл сіздің біліміңізді тексеруге және жаңаларын алуға мүмкіндік. Ұйымдастырушылар үшін-экономика және құқық саласына қызығушылық танытатын дарынды жасөспірімдерді табу мүмкіндігі.

030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Алтынсарина көшесі, 4, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Экономика және құқық факультеті» «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасы, 315-кабинет немесе: E-mail: экономика мамандықтары бойынша – ardaknurbai@mail.ru, er.nurgalieva@mail.ru, құқықтану мамандықтары бойынша sait_1979@mail.ru. Сұрақтар бойынша келесі телефондарға хабарлассаңыздар болады: Иманбаева Зауреш Отегенқызы, моб.тел.: 87053782851; Алиева Ардақ Өмірғалиқызы, моб.тел.: 87078409895

Қатысуға өтініш беру үлгісі

№	ЖСН	Құжат бойынша қатысушының аты-жөні	Білім беру мекемесінің атауы	Сыныбы	Білім алу тілі	Қатысушының жетістігі
1	2	3	4	5	6	7

7. ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

7.1 Ғылыми жобалар байқауына құжаттаманы дайындау бойынша барлық ұйымдық шығындар қатысушылар тарапынан қаржыландырылады;

7.2 Барлық ұйымдастырушылық шығындарды (дипломдарды, грамоталарды дайындау, кеңсе керек-жарақтарына шығындар, басқа шығындар) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті қаржыландырады.